

**Ресми рецензент Ж.Т.Даулетбекованың**  
**«БД011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**Сенцова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-**  
**бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындаған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен немірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Сәйкес келеді.  Г.А. Сенцованың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы) «3. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту» міндетімен ұштағып жатыр. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы, Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді, атап айтқанда: Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер; Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы айтылған/айтылмаған.	Диссертациялық зерттеудің ғылыми маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыс кәсіби шеттілдік білім беру бағытын дамыту мақсатында жазылған және болашақ кәсіби мамандарға шетел тілін оқыту әдістемесі ғылымына үлес қосады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқиев

		<p>атап көрсеткендей, «КХР - біздің стратегиялық көршіміз, сондықтан қытай тілін үйрену және қытай тілін оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігін» өтеу көзделген. Диссертациялық жұмыс қытай тілін арнайы техникалық мамандық студенттеріне кәсіби бақытта оқыту әдістемесіне арналған. Диссертанттың зерттеу жұмысы қорытындыларына негіздеп жасаған моделінде техникалық мамандықта оқытын студенттердің бойында қалыптасуы тиіс шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттіктер айқын көрсетілген. Олар: когнитивтік-коммуникативтік, тұнғалық-бағытталған, кәсіби-бағытталған құзыреттіктер деп жіктелген. Зерттеуші қытай тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, игерілетін білім мен біліктер жүйесін лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелік тұрғыдан саралаған. Сонымен қатар, сұбқұзыреттіліктерді интерактивті технологиялардың көмегімен мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік-такырыптық, прагматикалық кезеңдер бойынша қалыптастыру жолдарын көрсеткен.</p> <p>Зерттеушінің өзекті мәселені шешудің әдіснамалық, әдістемелік жолдарына қатысты түйіндері мен қорытындылары маңызды болып табылады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі:  <b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Ұсынылған диссертация жұмысының дербестігі, жаңашылдығы мен теориялық, практикалық деңгейі жоғары. Ізденушінің ғылыми стильде жазу тәжірибесі қалыптасқан, тілі жатық. Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері осы салада өзіндік орны бар отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына негізделген. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік журналдар мен жинақтарда 1 ғылыми мақала жарияланған. Сол себепті бұл жұмыс ашық талқылانған, апробациядан өткен дербес жұмыс деуге толық негіз бар.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <b>1) негізделген;</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Жұмыстың мақсаты мен аялын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін-бірі толықтырып отырады. Г.А. Сегитова диссертацияның өзектілігін толықтай негіздеген. Автордың аргументтері диссертациялық зерттеудің талапқа сәйкестігін көрсетеді. Біріншіден, зерттеу тақырыбы шеттілік білім берудің жана парадигмасы prizмасынан қаралады. Екіншіден, қытай тілін меңгерту бағытында алғаш рет техникалық мамандық студенттеріне шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесінің ұсынылуы және</p>

		<p>апробациядан он нәтижемен өтуі жұмыстың дәйектілігін айқындайды. Үшіншіден, аталмыш зерттеу тақырыбы - отандық ғылымда әлі толыққанды зерттелмеген тың тақырып. Осы себептерден диссертация өзекті және тың бағыт болып саналады.</p>
	<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқын дамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толық сай келеді. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, Үш бөлімнен, қорытындыдан, әдібиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Болашақ кәсіби мамандарға қытай тілін меңгерумен байланысты ізденуші тарапынан жасалған зерттеудің жоспары жүйелі құрастырылған, тақырыптың жан-жақты ашылуын толық қамтамасыз еткен. Мәселенін ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау үшін проблеманың лингвистикалық, педагогикалық-психологиялық алғышарттары талданған. Бірінші бөлімде зерттеу тақырыбының теориялық ерекшеліктерінің мәнін ашайды, қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған ұғымы негізделеді, қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сараланады. Екінші бөлімде қытай тілін техникалық мамандықтарда оқытудың ерекшеліктерін, болашақ сапа маманы ретінде студенттерге тілді үйретудің негіздемесін және кешенді құзыреттіліктерді қалыптастырудың әдістемелік моделін ұсынады. Үшінші бөлімде техникалық мамандық студенттерінің бойында шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік модельдің тиімділігін тексеру мақсатында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс талданады. Оның жүргізілу реті мен қол жеткізген нәтижелер дәлелденеді. Қорытындыда автор диссертациялық зерттеу нәтижелерін жүйелеп тұжырымдаған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Мақсаты: техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудағы ғылыми-әдістемелік негіздерді айқындау, әдістемелік үлгісін жасау және оны эксперименттік апробациядан өткізу деп белгіленген. Зерттеу барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілі</li> </ul>

		<p>Бойынша шеттілік білім берудің генезисін анықтау барысында ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сараптама жасап, шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Заманауи шеттілік білім беру парадигмасы контекстінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық-әдіснамалық базасын анықтау;</li> <li>• Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін әзірлеу;</li> <li>• Техникалық бейіндегі «Мұнай-газ ісі» мамандығы студенттерінің шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделінің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру міндеттері белгіленіп, толық жүзеге асырылған.</li> </ul> <p>Зерттеу нәтижесінде мақсатқа жету үшін қойылған және шешілген міндеттер логикалық қалыптастырылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын: ғылыми жұмыстағы ізденушінің талдаулары мен ой-пікірлері диссертациядағы тұжырымдармен және қорытындылармен сабақтасады. Бұл зерттеудің біртұтастығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға сыни талдаулар жүргізілген. Техникалық мамандық студенттерінің бойында шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру моделі мен кәсіби тұжырымдамасы негізделді және дәлелдемелік базасы бар. Диссертацияда, біріншіден, техникалық мамандық студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың қолданымдық жүйесін дәйектеу мақсатында бұған дейінгі ғылыми еңбектерде кездесетін трек ұғымдардың терминдік мәнін талдап, дәлелдейді; екіншіден, ізденуші қытай тілін меңгерту әдістемесінің құрылымдық моделін жан-жақты талдап негіздеген; үшіншіден, мақсаты мен құрылымына қарай қытай тілін үйретудегі тиімді</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан;  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>		
<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (категораттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған;  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>		

		<p>жолдарды сараптап, іріктеген; төртіншіден, ізденуші тарапынан білім алушыларды тілдік тұлға ретінде қалыптастыруды шетел тілін үйренудің рөлін көрсеткен. Заманауи талапқа жауап беретін кәсіби маманның сапалық қасиеттерін жіктеп отыршып, ондағы шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ұтымдылығын талдаған. Шетел тілін меңгертуде қолданылатын оқыту әдістемесінің ерекшелігін танытатын параметрлерді ұсынған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кагидаттар жана болып табыла ма?  <b>1) толығымен жана;</b>  2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);  3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жана нәтижелерге қол жеткізілген: қытай тілін шетел тілі ретінде ЖОО-да оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне жүргізілген сараптама шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасы талаптарына сай қажеттіліктерді анықтаған; техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі түзілген. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік моделдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс аясында алынған бұл ғылыми нәтижелер ғылыми жанадық болып саналады, себебі ол отандық тәжірибеле қытай тілі бойынша шеттілдік білім беру бағытында қарастырылған алғашқы зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?  <b>1) толығымен жана;</b>  2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);  3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық.</p>	<p>Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары толығымен жана болып табылады. Бұрын қытай тілін арнайы техникалық мамандықтар, мұнай және газ ісі мысалында оқыту технологиясы қарастырылмаған. Сондықтан жұмыста ұсынылған әрбір тұжырым жана болып есептеледі.</p> <p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық шешімдер «толығымен жана»</p>

	<p>технологиялык, экономикалык немесе баскаруу шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>болып саналады. Зерттеу білім берудің заманауи технологиялык мүмкіндіктерін көрсетеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, шынайы дәлелдемелермен негізделген. Қорытындылар әртүрлі көздерден алынған мәліметтерді жүйелі талдаудың нәтижесі болып табылады және ғылыми стандартқа сәйкес келеді. Диссертациядағы қорытындылардың негізделуін зерттеу кезеңдерінен көруге болады. Қазіргі қолданыстағы шетел тілін оқыту үрдісіне сандық-сапалық талдаулар жүргізген. Ғылыми зерттеулерден тақырыпқа қатысты материалдарды жинақтай отырып, олардың арқайысына қатысты өзіндік пікір-тұжырымын ұсынған. Қытай тілін меңгеруде тиімді деп саналатын интерактивтік әдістерді іріктеген. Білім алушылардың коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталатын әдіс-тәсілдерді саралаған. . Зерттеу нысанасына қатысты әдістемелік мәселелерді талдай келе, ізденуші өз тарапынан білімалушылардың кәсіби-тілдік құзіреттіліктерін дамытудың педагогикалық моделін ұсынып, оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеген. Эксперименттің барлық кезеңдері тиісті талаптарға сай жүргізілген. Қорытынды кезеңдегі сауалнама нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін толық негіздейді.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p>	<p><b>Бірінші қағидағ:</b></p> <p>7.1 Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін қытай тілін шетел тілі ретінде ЖОО-да оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне жүргізілген сараптама шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасы талаптарына сай қажеттіліктерді анықтады. Студенттер бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасуы оқыдаланған тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ маманның</p>

	<p>1) ия; 2) жок 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Колдану денгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кен 7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок</p>	<p>лингвистикалык, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктері кәсіби қарым-қатынасының негізгелі болуына әсер етеді. Берілген қатидат қытай тілін үйрету әдістемесін зерттеу мақсатында осы бағыттағы ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдау және қытай тілін ЖОО-да оқытудың шарттарын анықтау негізінде дәлелденген. 7.2 Тривиялды емес. 7.3 Нәтиже техника саласы мамандарына қытай тілін оқытудың байланысты алғаш зерделенгендіктен, жана болып табылады. 7.4 Колдану денгейі кен. 7.5 Зерттеу қатидаттары «Тілдік емес мамандықтарда шеттілдік білім берудің тарихи генезисі макаласында дәйектелген// Қазақстан педагогика ғылымдары академиясы хабаршысы. №2 (наурыз-сәуір), 2020 жыл. 53-62 бб.</p> <p><b>Екінші қатидат:</b> 7.1 Шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасының мақсатты негізі ретінде ұсынылған құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер және көрнекілік, білім алушылардың жекегелген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, әлеуетті жұмыс берушілерінің мүдделерін ескеру, коммуникативтік, функционалдык, аутентивтік принциптер техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесі мен теориясын әзірлеу мен жетілдіруде тұжырымдамалық-әдіснамалық базисі болады.</p> <p>Бұл қатидат техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің алғышарттарын анықтай отырып, теориясын әзірлеу мен жетілдіру үшін шеттілдік білім берудің жана парадигмасымен ұсынылған тәсілдер мен принциптерді саралау арқылы дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиялды емес. 7.3 Жартылай жана болып табылады, себебі қытай тілін оқыту әдістемесі мәселесі басқа авторлар зерттеулерінде де қарастырылған. 7.4 Колдану денгейі кен. 7.5 Келесі макалада дәлелденген – Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім берудің алғышарттары. SSN 2073-333X</p>
--	---	---

	<p>Международный научный журнал Казакстанның ғылымы мен өмірі. 6/1 2020, 394-400 бб.</p> <p><b>Үшінші қатпағат:</b></p> <p>7.1 Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі мақсат пен міндеті, нысандары, білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен құралдарын, бағалау инструментарийді кезең-кезеңімен енгізе отырып, әдістемелік жұмыстың функционалдық-мазмұндық құрылымын білдіреді.</p> <p>Бұл қатпағат техникалық бағыттағы студенттерге арналған қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың құрамдас блоктардан құралған әдістемелік моделін құрастыру негізінде дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиялды емес.</p> <p>7.3 Алынған нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Келесі мақалада дәлелденген –The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language. International Journal of Society, Culture &amp; Language, 9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries)), 137-150.</p> <p><b>Төртінші қатпағат:</b></p> <p>7.1 Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік моделдің тиімділігі кәсіби қарым-қатынасты іскерлік жанрлар мен формалары арқылы жүзеге асыруға септігін тиізітетін шартын іскерлік рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар технологиясы негізіндегі жаттығулар топтамасын пайдаланумен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы расталды.</p> <p>Бұл қатпағат зерттеу жұмысының болжамын растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында ұсынылған әдістемелік моделінің тиімділігін тексеру арқылы дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиялды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Келесі мақалада дәлелденген –Forming a professionally oriented</p>
--	--

		<p>competence in Chinese in students of non-linguistic professions. Revista EntelIngua, 7(esp.2), e021010. <a href="https://doi.org/10.29051/el.v7iesp.2.15136">https://doi.org/10.29051/el.v7iesp.2.15136</a></p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә. Зерттеу барысында таңдалған әдістеме негізделген және диссертациялық жұмыстың әдіснамасы нақты жазылған. Теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері таңдалған тақырыптың мақсатына және ғылыми болжамына сәйкес іріктелген. Қытай тілін оқытуда білім алушылардың шеттілдік кәсіби бағытталған күздіреттіліктері қалыптастыруға арналған әдістер мен тапсырмалар кешенінің тиімділігін эксперимент нәтижесіндегі эмпирикалық деректер дәйектейді. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай таңдау, синтездеу, моделдеу, сауалнама, тест жүргізу, педагогикалық эксперимент, оқу үдерісін бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылған. Әдіснама негізінде шеттілдік білім берудің жаңа парадигмасымен ұсынылған когнитивтік-коммуникативтік, тұлғаға бағытталған, кәсіби-бағытталған және құзыреттілік тәсілдер негізге алынған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә. Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізуде ізденуші компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрлеу бағыттары</p>	<p>Иә. Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік модельмен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.</p>

	<p>үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):  <b>1) ия;</b>  2) жок</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған /</b> ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген манызды мәлімдемелер нақты және сенімді. Диссертацияда қытай тілін заманауи шеттілдік білім беру парадигмасы тұрғысынан оқыту әдістемесі мәселесіне қатысты педагогикалық, шығыстану бағытындағы енбектер, шетелдік ғылыми енбектер, Scopus деректер қорына енетін журналдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Тақырыпқа сай пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі сапалы әдеби шолуга жеткілікті әрі нақты. Жұмысты отандық, шетелдік және қытайлық авторлардың енбектерінің және пайдаланылған дереккөздердің тізімі берілген.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:  <b>1) ия;</b>  2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  <b>1) ия;</b>  2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Иә. Диссертацияның теориялық манызы зор. Зерттеудің теориялық негізі нақты нәтижелерінің шеттілдік білім беру әдістемесінде, берілген құзыреттіліктің қалыптастыру моделі мен оны жүзеге асыру жолдарын нақты көрсеткен.</p> <p>Иә. Диссертацияның практикалық маныздылығы жоғары. Бастысы техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі мен жалғастырушы деңгей студенттеріне арналған жобалау, дискуссия, жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік рөлдік ойындар түріндегі оқыту технологиялары негізіндегі тапсырмалар жүйесі дайындалған.</p> <p>Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды қытай тілін үйренуші жалғастырушы деңгей студенттеріне техникалық бағыт бойынша кәсіби мақсатта қолдануға болады. Сонымен қатар, «Кәсіби қытай тілі (мұнай-газ ісі терминдері)» атты оқу-әдістемелік құралын ЖОО студенттеріне мұнай-газ ісі бағыты бойынша кәсіби қытай тілін оқу барысында ұсынуға болады.</p>

10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Әдебиетшілік академиялық жазу деңгейі жоғары. Ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Баяндау тілі жатық, техникалық талаптар толық сақталған.
-------------------------------	--	--

**ШЕШІМ:**

1 Зерттеу жұмысында диссертант қытай тілін меңгерудің алуан түрлі әдістері бойынша тапсырмалар кешенін дайындап, эксперименттен өткізген. Осы тапсырмалардың арқайсысының бағалау критерийлері мен нәтижелерін жеке-жеке нақтылай түскенде, жұмыстың әдістемелік құндылығы арта түсер еді.

2 «БД011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сейтова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді. Бұл Комитет алдына осы диссертациялық жұмыстың авторы Сейтова Гаухар Аманжоловнаның «БД011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ұсыныс жасауға толық негіз болды.

**Ресми рецензенті:**

Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

zh.dauletbekova@mail.ru

Ж.Т. Дәулетбекова



Подпись *Ж.Т. Дәулетбекова* *Ж.Т. Дәулетбекова*  
**Департамент**  
**по развитию персонала**

06.03.2024 жыл